

**№12 «Бәйтерек» бөбекжай-бақшасы МКҚК – ның кезектен тыс педагогикалық кеңес
хаттамасы**

Қатысқаны – 12 педагог

02.02.2022 жыл

1 медбике

Хаттама №4

КҮН ТӨРТІНДЕ

1. №12 «Бәйтерек» бөбекжай – бақшасы МКҚК – ның өзін-өзі бағалау барысында жүргізілген жұмыс қорытындысы.

Тыңдалды: бөбекжай-бақша меңгерушісі Кенжебекова З.Н.

2022 жылдың 02 ақпанынан бастап 28 ақпаны аралығында Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңдарының орындалуын бақылау және мектепке дейінгі мекемелеріндегі ҚР жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкестігін анықтау мақсатында балабақшада өзін – өзі бағалау өткізілді. Өзін – өзі бағалауға жауапты комиссия мүшелері тағайындалып, олар төмендегідей мәселелерді қарастырды:

- мектепке дейінгі ұйымға жалпы сипаттамасы;
- кадрлар әулетін талдау;
- әкімшілік басқару қызметі жұмысының талдау;
- оқу-әдістемелік әрекеті қызметі талдауы;
- тәрбие жұмысының талдау;
- оқу үрдісінің ақпараттық- әдістемелік қамтамасыз етілуін талдау;
- материалдық – техникалық және әлеуметтік базаны талдау;
- білім беру сапасын басқару;
- балалардың психологиялық қызметпен қамтамасыз етуді талдау;
- Білім беру салалары бойынша балалардың құзыреттілігі деңгейінің диагностикасы;
- Кемшіліктер мен ескертулер;
- Қорытынды және ұсыныстар;

Өзін – өзі бағалау жұмысы барысында комиссия мүшелері балабақшадағы топтардың ҰОҚ қатысып, оған талдау жүргізді, талданған оқу қызметтері видеоға түсірілді. Құжаттарды, оқу материалдарын, бақылау видеоларының нәтижелерін, жұмыс материалдарын талдай отырып комиссия мүшелері төмендегідей шешімдер қабылдады.

№12 «Бәйтерек» бөбекжай-бақшасы аптасына 5 жұмыс күні 2 демалыс күні, күніне 10,5 сағат жұмыс жасайды.

Өзін – өзі бағалау жұмысы барысында жасалған талдаудың қорытындысы бойынша педагогикалық ұжымның оқу жоспарына сай жұмыс жасайтындығын анықтауға мүмкіндік берді. Сонымен бірге оқу жоспарында көрсетілген талаптарды орындап жас ерекшеліктерін ескере отырып оқу – тәрбие жұмыстары жүргізілген, іс-құжаттары стандарт талаптарына сай келеді.

№12 «Бәйтерек» бөбекжай-бақшасы МҚКК 2017-2018, 2018-2019 оқу жылдарында білім беру процесі Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті білім беру стандартында, бұдан әрі Стандарт2016 жылғы 13 мамыр №292, 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080ҚРҰҚ №557 бұйрығы, Мектеп жасына дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік жоспарына (ҚРБҒМ 2016 жылғы 22 маусымдағы №391 ұйрығы 1 қосымша) және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (ҚРБҒМ 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығы) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының әдістемелік нұсқаулықтарын басшылыққа ала отырып жұмыстанған.

2019-2020, 2020-2021 оқу жылдарында білім беру процесі Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті білім беру стандартында, бұдан әрі Стандарт2018 жылғы 31 қазан №604 (2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 ҚРҰҚ №557 бұйрығы, Мектеп жасына дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік жоспарына (ҚРБҒМ 2016 жылғы 22 маусымдағы №391 ұйрығы 1 қосымша) және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (ҚРБҒМ 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығы, сонымен қатар ҚР «Білім туралы» Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының әдістемелік нұсқаулықтарын басшылыққа алды.

2021-2022 оқу жылдарында білім беру процесі Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті білім беру стандартында, бұдан әрі Стандарт2018 жылғы 31 қазан №604 (2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 ҚРҰҚ №557 бұйрығы, Мектеп жасына дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік жоспарына (ҚРБҒМ 2016 жылғы 22 маусымдағы №391 ұйрығы 1 қосымша) және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (ҚРБҒМ 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығы, сонымен қатар ҚР «Білім туралы» , «Педагог мәртебесі туралы» Заңдары және ҚР білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, сонымен қатар мектепке Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі 15.03.2021жыл, №137 қаулысы негізінде әзірленген, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мақсаты балалардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, олардың жан-жақты үйлесімді дамуы үшін жайлы және қауіпсіз жағдайлар жасау бағытына сәйкес ұйымдастырылған. Оқу жоспарын құрылымында кемшіліктер болған жоқ.

№12 «Бәйтерек» бөбекжай-бақшасы МҚКК –ның 2017-2022 жылға дейінгі даму жоспары бар.

2017-2018, 2018-2019, 2019-2020, 2020-2021, 2021-2022 оқу жылдарына арналған жұмыс жоспарына балабақшаның мақсат-міндеттері сәйкес келеді. Өткен оқу жылдарының жұмыс қорытындылары жан-жақты талданған. Жоспарланған іс-шаралардың барлығы өткізілген.

2021-2022 оқу жылының бастапқы даму көрсеткіші – 47-52%, аралық көрсеткіші - 75-80%, қорытынды мониторинг жоғары көрсеткіштер көрсетеді деген қорытындыға келдік.

Әдістемелік қызмет жұмыстарының басым бағыттары жаңартылған білім негізін басшылыққа ала отырып жүргізілген.

Педагогикалық ұжымның кәсіби шеберлігінің көрсеткіші балабақшадағы әдістемелік жұмыстың тиімділігіне, оқытудың жаңа технологиялары, 4К моделі енгізілуде, 2019-2020, 2020-2021, 2021-2022 оқу жылдарында топтардың перспективалық жоспарлары Смарт мақсат, яғни балаға бағытталған қолжетімді бағытта жоспарланған, әдістемелік тиімділікті диагностикалау жақсы жолға қойылған.

Балабақшаның басқару-әкімшілігі өз жұмыстарын құқықтық нормативтік құжаттарға сай және өз қызметтерін балабақшаның жылдық жоспарына сай және оларды талдаумен сәйкестендіріп жүргізеді.

Балабақшаның 5 жылдық оқу жоспары жасалған. Балабақша әкімшілігі педагогтардың ізденушілікпен жұмыс жасауына жақсы көңіл бөледі, педагогтың мақалалары аудандық, қалалық, республикалық басылымдарда жарияланған.

Өзін-өзі бағалау жұмыстарының қорытындысына сай шешім етті:

1. №12 «Бәйтерек» бөбекжай-бақшасы МҚКК өзін-өзі бағалау барысында жүргізілген жұмыс қорытындысы бойынша 2022 жылғы мемлекеттік аттестациялауға дайын деп есептеледі.
2. Өзін-өзі бағалау жұмысы барысында балабақшаның оқу – тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруы, педагогтардың кәсіби шеберліктері көрсеткіштерге сәйкес.
3. Өзін – өзі бағалау бойынша қаралған жұмыс құжаттарының көшірмелері, видеолары талап етуші орынға дайындалды.

Педагогикалық кеңес төрайымы:

Хатшы:



З.Н.Кенжебекова

Ж.Б.Баракова